

# «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті



## Ақтөбе университеті



argugazeti@mail.ru

№ 07 (383) 15 сәуір 2016 ж

1996 жылдан бастап шыға бастады

"Ақтөбе Университеті" Газеті

АПУ им. К.Жубанова

+7 7132 241 831

### Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына және университетіміздің 50 жылдығына арналды

Еліміздің келешегі жастардың қолында. Оның ішінде білім қуып, жаңалыққа талпынған алдыңғы қатарлы ғылым жетістіктерімен қаруланған жастар ғана еліміздің келешегін нұрландыра алады. Осы деңгейдегі белсенді топ студент жастар арасынан табылары сезсіз. Жақында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына және университетіміздің 50 жылдығына арналған «Жастар, ғылым және инновациялар» атты Халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференциясы болып өтті. Дестүрге айналған бұл шараның мақсаты- бүгінгі таңдағы ғылым мен инновациялардың теориялық және практикалық мәселелерін кең көлемде талқылау, жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми белсенділігін дамыту, жас ғалымдар, магистранттар, аспиранттар мен студенттердің жақын шетел мен Қазақстанның оқу орындарындағы еріптестерімен ғылыми байланыс орнату.

## БОЛМАСАНДА ҰҚСАП БАҚ...



Конференцияны халықаралық байланыс және ғылыми-инновациялық жұмыстар жөніндегі проректор, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Алтыншаш Упуқызы Бекбауова кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Конференцияға қатысушыларды Орынбор мемлекеттік педагогика университетінің кафедра меңгерушісі, профессор Светлана Васильевна Сальцева, М.Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті психология факультетінің деканы Виктор Валерьевич Курунов құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

Пленарлық мәжілісте М.Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік университетінің магистранты Ильмир Робертович Нұраев, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің студенті Рамиль Маратұлы Сырымов, Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті Анна Сергеевна Панина, университетіміздің магистранты Айжан Құлжаң, Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты Сергей Вячеславович Максимов, университетіміздің 4 курс студенті Айдана Сүйеова баяндамалар жасады.

Одан кейін конференция жұмысы «Қазіргі қоғамдағы жастардың инновациялық деңгейі. Мемлекеттік жастар саясаты, отандық және шетелдік тәжірибе», «Ғылым, техника және технология: жас зерттеушілер тәжірибесі», «Білім берудегі инновация», «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның даму үрдісі мен қазіргі мәселелері», «Жаратылыстану ғылымының даму бағыттары мен болашағы», «Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің дамуы және қазіргі жай- күйі» тақырыптарына белінген секцияларда жалғасты.

Жалпы конференцияға жақын шетелдер, еліміздің жоғары оқу орындары және университетіміздің жас ғалымдары, магистранттары мен студенттерінен 400-ден астам ғылыми мақалалар келіп түсті. Жұмыс жасаған 6 секция мәжілістерінде 128 баяндама тыңдалып талқыланды. Әр секция бойынша анықталған жеңімпаздар мен жүлдегерлерге сыйқұрмет көрсетіліп марапатталды

Өз тілшіміз

## ҒЫЛЫМДАҒЫ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ



Елімізде қай саланың болса да есіп-еркендеуіне талай жылдардың тынымсыз еңбегі қажет екені сезсіз. Соның ішінде ғылым саласына кеңіл бөлу – уақыт талабы. Сондықтан еліміздің инновациялық даму жолының негізгі күші болып табылатын ғылымды дамыту, ғұлама ғалымдармен жас ізденуші ғалымдар арасындағы байланысты нығайту бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі десек болар.

Отандық ғылымды қолдау мақсатында Президентіміздің жарлығымен 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күні болып бекітілген болатын Соған орай жоғарыда аталған талаптарды негізге ала отырып университетімізде «Пленарлық өзара ықпалдасу және аға буын мен жас ғалымдар арасындағы байланыс» тақырыбында деңгелек үстел болып өтті.

Деңгелек үстелді университетіміздің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Алтыншаш Упуқызы кіріспе сөзбен ашып, еліміздің ғылымының дамуы жолында үлес қосып жүрген профессор-оқытушыларды атаулы мерекелермен құттықтап, деңгелек үстел жұмысына сәттілік тіледі. Аталмыш шараны PhD докторы, теориялық және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы Жандарбек Иманчиев жүргізіп отырды.

Алғаш сөз алған философия ғылымдарының докторы, профессор, белгілі қоғам қайраткері Амангелді Айталы: «Жалпы ғылымды дамытудағы ең басты мақсат - жастарды қызықтырып тарту. Қазір бір талпыныс болмай қалды. Ғылымға жастардың ынтасы аз. Кеңес одағының уақытындағыдай қызықтыру жоқ. «Ғылым күні» дегеннен кейін осындай мәселелерді неге айтпасақ. Адамзатқа ортақ ғылымның езінен ұлттық мүдде тауып отыруымыз керек. Ғылымға назар аударып, қаржы салғанның нәсібесі мол. Ғылым нарыққа шығу керек», - деген

профессор ғылымды коммерциялау мәселесін де қозғап өтті. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Нұртаза Абдоллаев: «Қай заманда болмасын ғылымның, білімнің жолы оңай болған жоқ. Біз базардан қайтып келе жатырмыз, ал сіздер бұйырса сол білім базарына қадамдап бара жатырсыздар. Қайсысымыздың заманымыз ұтымды, қайсысымыздың заманымыз мазмұнды. Мәселе осында. Сондықтан ұрпақтар сабақтастығы осы деп есептеймін. Елімізді әлемдік бәсекелестік ортаға кіріктіру ғылым мен техниканың дамуына тікелей байланысты», - деп жастарға үлкен ой тастады. Бұл басқосуда сондай-ақ, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Қуанышбек Шүнкеев, филология ғылымдарының кандидаты Болат Баймұханов, филология ғылымдарының докторы Алпысбай Мұсаевтар да ғылым мәселесі теңірегіндегі өз ойларын ортаға салды. Деңгелек үстел барысында жастарды ғылымға қалай тартамыз, ғылымның дамуындағы жаңа бетбұрыс, ғылымды коммерциялаудың тиімді тұстары, жастармен ғалымдар арасындағы байланыс мәселелері қызу талқыланды. Сонымен бірге университетте профессор күнін атап ету, ағылшын курстарын ашу секілді ұсыныстар ортаға салынды. Деңгелек үстелді қорытындылай келе Алтыншаш Упуқызы бұл ұсыныстардың алдағы уақытта қаралатындығын айтып өтті.

Жадыра АРЕН





## БІЛІМДІЛЕР БӘЙГЕСІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Жуырда Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде VIII Республикалық пәндік олимпиада өтті. Олимпиадаға әр облыстың жоғарғы оқу орындарынан келген мықты деген 11 команда қатысты. Біздің университеттің «Жастар АГУ» командасы бұл олимпиадада біліктіліктерін таныта біліп, нәтижесінде жүлделі үшінші орынды иеленіп отыр. Клара Сержанқызы жетекшілік еткен бұл команданы жаратылыстану факультетінің белсенді де білімді студенттері Салиха Айжарықова, Аян Нармағанбетов, Жасұлан Сәдуақастар құрады.

Республикалық пәндік олимпиаданың өткізілу бағдарламасы үш кезеңді қамтыды. Бірінші теориялық тапсырмалар, екінші теориялық есептер, ал

үшінші кезеңде студенттердің практикалық білімдері сыналды. Сонымен қатар, олимпиадаға қатысушы командалар биология және биотехнология факультетіндегі кафедралардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің мұражайы және факультеттің мұражайларын аралап, көп нәрсеге қанықты.

Білім бәйгесі соңында жеңімпаз командалар арнайы Мақтау қағаздарымен және олимпиадаға қатысқан студенттерге сертификаттар табыс етілді. Оған қоса белсені қатысқаны үшін біздің «Жастар АГУ» командасы жеке мақтау қағазына ие болды.

**Салиха АЙЖАРЫҚОВА,**  
биология мамандығының  
3 курс студенті



## ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Жақында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өткізілген «Математикалық білім беру сапасын ЖОО-Мектеп ынтымақтастығы арқылы көтеруді жүзеге асыру» батыс аймақтық семинар-кеңесі негізінде батыс еңірі жоғары оқу орындары студенттері арасында өткен «Мамандығым - мақтанышым» кәсіби байқауына университетіміздің студенттері қатысып, жүлделі бірінші орынмен оралды.

Физика-математика факультеті, математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы Б.Ж.Омарованың жетекшілік етуімен математика мамандығының 4 курс студенттері А.Қасенқызы, Ы.А.Ізбасарова, А.Ж.Жұмалиева байқауда біліктіліктерін таныта білді.

Кәсіби байқау 5 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде математикадан пәндік олимпиада өткізіліп, онда студенттердің білімдері сыналды. Екінші кезең ұй тапсырмасына арналды. «Мен және менің педагогикалық тәжірибем» тақырыбында ездерін таныстыра білу шеберлігі сыңа салынса, сондай-ақ, «Білім берудегі менің инновациям» панорамалық сабақ арқылы студенттің біліктілігі анықталды. Байқаудың үшінші кезеңінде қатысушылар педагогикалық жағдаяттарды шешу тапқырлығына байланысты сайысса, төртінші кезең педагогика мен оқыту мәселесіндегі өзекті мәселелерге арналған жобаларды қорғауға байланысты өткізілді. Болашақ математиктердің шығармашылыққа бейімділігі де сыңа тұсты. Төртінші кезеңде олар «Шешендік - шеберлік» тақырыбындағы тапсырмаларға жауап берді.

Біздің студенттер байқау барысында ашық сабақтарын Блум таксониясы, интербелсенді оқыту әдістемесі және профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы бойынша құрып, оқытудың жаңа технологиялары туралы білімдері мен тәжірибелерін жоғары деңгейде көрсете білді. Педагогикалық тәжірибе кезінде жинақтаған тәжірибелері бойынша олар «Педагогика мен оқыту мәселесіндегі өзекті мәселелер» тақырыбындағы ғылыми жобаларын сәтті қорғады. Жобада мектепте математиканы оқытуда жаңа технологияларды қолдануда кездесетін кедергілерге және оларды жою жолдарына тоқталып, ұсыныстарын ортаға салды. Команданың ездері шығарған «Мамандығым-мақтанышым» өлеңін шырқауы бұл байқауда олардың ерекшеліктерін танытып, әділқазылар кеңілінен орын тапты.

Нәтижесінде А.Қасенқызы батыс еңірі университеттері студенттері арасында «Болашақ үздік маман» номинациясын иеленсе, Ы.А.Ізбасарова «Шығармашыл маман», ал А.Ж.Жұмалиева «Зерек маман» номинацияларын иеленіп, сонымен бірге команда бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

Студенттерді пәндік олимпиадаға дайындаған ф.-м.ғ.к., доцент Т.Т.Шериязданға және әдістемелік бағыт-бағдар беріп, жетекшілік еткен кафедралық аға оқытушысы, магистр Б.Ж.Омароваға кафедра ұжымы алғыс білдіреді.

**Л.С.СУЛТАНГАЛИЕВА,**  
математика және математиканы оқыту  
әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, әдіскер

## УСПЕХ БУХГАЛТЕРОВ

18 марта в городе Алматы, в Новом университете имени Тура-ра Рыскулова состоялась VIII Республиканская студенческая предметная олимпиада.

В ней приняли участие студенты, осуществляющие подготовку по направлениям «Финансы», «Экономика», «Учет и аудит», «Оценка».

По специальности «Учет и аудит» приняли участие 13 команд из разных городов. От Актюбинского регионального университета им. К.Жубанова приняли участие студенты 3 курса этой специальности Нурғали Т., Улыкпанова А. и Шиндаулетова А. под научным руководством доцента кафедры «Бухгалтерский учет и аудит», кандидата экономических наук Иманбаевой Зауреш Отегенқызы.

За ходом олимпиады следило строгое жюри, в составе которого были преподаватели из разных ведущих вузов, а также руководители и специалисты в сфере бухучета и аудита.

По итогам двух туров были выявлены студенты, обладающие отличными знаниями в области учета и аудита. В результате проведения олимпиады в каждой группе были определены I, II и III призовые места в личном зачете. Наши студенты заняли об-



щекомандное III место из участвовавших 13 команд. Это подтверждает отличный уровень знаний студентов и высокий рейтинг при подготовке специалистов преподавателями Актюбинского регионального университета им. К.Жубанова. Все участники предметной олимпиады получили сертификаты об участии. Победителям олимпиады были вручены благодарственные письма, они будут награждены дипломами Министерства образования и науки Республики Казахстан.

**Зауреш ИМАНБАЕВА,**  
кандидат экономических наук,  
доцент кафедры «Финансы и учет»



## ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ

Жақында Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өткен VIII Республикалық пәндік олимпиадаға университетіміздің педагогика институты теориялық және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы, педагог-психолог Жанаргүл Теләбаеваның жетекшілігімен психология мамандығының студенттері қатысып, жүлделі екінші орынды иеленіп, жеңіспен оралды. Еліміздің белді жоғары оқу орындарынан келген білімді студенттер бәйгесінде студенттеріміз Ақан Нәкеш, Айгерім Сүлеймен, Салтанат Қашкин, Салтанат Мурзабек, Салтанат Сағанаева, Малика Бегимовалар ауырбіршілікпен ездерінің білікті де білімді жастар екендіктерін таныта білді.

Сонымен бірге олимпиадада біздің команда «Үздік ғылыми жоба» номинациясымен және белсенділігі үшін сертификат, алғыс хаттармен марапатталды.

**Теориялық және қолданбалы психология кафедрасы**



## МАТЕМАТИКТЕР КОМАНДАСЫНЫҢ ТАБЫСЫ

2016 жылдың 31 наурыз бен 2 сәуір арасында Астана қаласында Қазақстан елінің 25-жылдық тәуелсіздігіне арналған М.В.Ломоносов атындағы жоғарғы оқу орнында «Математика» Республикалық пәндік олимпиада өтті.

Біздің университеттен физико-математика факультетінің студенттері Али Азамат, Рахметов Әділет, Амангосов Әділет, Қайыров Қонысбек сынды студенттер қатысты. Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ тобының ғылыми жетекшісі аға оқытушы, математика ғылымдарының магистрі Мынбаева Сандугаш.

Студенттер олимпиада қорытындысы бойынша командалық 3 дәрежелі дипломға ие болды. Қатысушыларға естелік сертификаттар табысталды.

**Физика-математика факультеті**



## • ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ ЖАҢАШЫЛ ҰЖЫМ



Педагогика институты Қ.Жұбанов атындағы АӘМУ ректоры, профессор К.К.Кенжебаевтың 2014 жылдың 1 қыркүйегіндегі № 348-Н бұйрығымен «Педагогика және психология» және «Кәсіби шығармашылық» факультетінің бірігіуі негізінде құрылды. Педагогика институты университеттің оқу, ғылыми-әдістемелік және әкімшілік бөлімі болып табылады.

Институт берілген мамандықтар бойынша қызмет көрсетеді:

### БАКАЛАВРИАТ:

- 5B010100 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
- 5B010200 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
- 5B010300 - «Педагогика және психология»
- 5B010500 - «Дефектология»
- 5B010600 - «Музыкалық білім»
- 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу»
- 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт»
- 8. 5B012000 - «Кәсіптік оқыту»
- 9. 5B012300 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
- 10. 5B050300 - «Психология»
- 11. 5B0040900 - «Хореография»

### МАГИСТРАТУРА:

- 5M050300 - «Психология»
- 5M010300 - «Педагогика және психология»

Институт директоры - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Теребаева Клара Жаманбайқызы. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары - Рысбаева Ардақ Куанышқызы.

Директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары - Светлана Кенжегалиева.

Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары - Измагамбетова Рысқұл Махамбеталиқызы.

Институттың құрамына 7 кафедра, 11 мамандық, сонымен қатар, ғылыми-зерттеушілік, инновациялық

процесі және ғылыми қызметін ұйымдастыру кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары жан-жақты жолға қойылған. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғылыми және оқу-әдістемелік басылымдар, ҚР және шетелдерде кәсіби біліктілігін көтеру куәліктері мен сертификаттары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредиттеу орталығы еткізген ҚР



ЖОО арасында өткен рейтинг нәтижелері бойынша педагогика институты мамандықтары соңғы бірнеше жыл бойы алдыңғы қатарлы орындарды иеленіп келеді.

2014 жылы Алматы қаласында 5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы «Өзін-өзі тану пәні» бойынша Республикалық пәндік олимпиададан студенттер Ж.Жаманова, Л.Нугаева, Э.Түлегенова, А.Мұхат есімді студенттер 2-орынды иеленді. Ғылыми жетекшісі п.ғ.к. Б.К.Альмурзаева және осы мамандықтың студенттері И. Әбубәкірова, Т.Карсқанова Республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында ақшалай сыйлыққа ие болды. С. Багосова мен Т.Карсқановаларда Республикалық студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарында ақшалай сыйлықпен марапатталды. Халықаралық XXVI Студенттердің Еуразиялық «Николаевской 2015» фестивалінде

2016 оқу жылында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жоспарлы жұмыстар орындалуда, яғни 2 курс магистранттары Уфа қаласында ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша магистранттардың белсенділігін арттыру мақсатында тағылымдамадан өтті.

Педагогика институтында студенттердің рухани адамгершілік дамуын жүзеге асыру мақсатында «Өмірге үйлесімділік», «Жас қаламгер» ғылыми үйірмелерімен «Жүректен жүрекке», «Мектепалды даярлық пен бірінші сынып арасындағы сабақтастығы» және тағыда басқа көптеген проблемалық топтары жұмыс жасауда. Сонымен қатар қазіргі таңда педагогикалық мамандықтарға Алматы, Тараз, Қызылорда, Шымкент қалаларынан келіп серпін бағдарламасы аясында мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, ба-

стауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, бейнелеу өнері және сызу, дефектология бакалавры бойынша студенттер білім алуда.

Педагогика институтында аз уақыт ішінде оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие саласындағы күрделі міндеттерді шеше алатын шығармашылық ұжым қалыптасып үлгерді. Ұжым алдында батыс еңірінде білім беру, ғылыми және мәдени орталығына айналу және білікті педагог мамандармен қамтамасыз ету міндеттері тұр.

2013 жылы п.ғ.к. аға оқытушы З.У.А.Дильшинова Португалиядағы Лиссабон техникалық университетінде, аға оқытушы, педагогика магистрі М.Б.Курманбекова 2014 жылғы маусым айында Ұлыбританияның NILE - Norwich Institute for Language Education Тіл білімі институтында қысқа мерзімді курстар арқылы өз біліктіліктерін шыңдап келді.

Ғылыми зерттеулерді интеграциялау мақсатында институт ПО құрамы алыс шетел елдерімен атап айтқанда Ұлыбритания, Үндістан, Чехия, Болгария және т.б., елдермен халықаралық байланыс орнату жұмыстарын жүргізуде, сонымен қатар педагогика институты жақын шетел жетекші ЖОО және ғылыми орталықтарымен тығыз ғылыми байланыста. Олар: Башқұрт мемлекеттік университетінің Сибай Институты, Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің Дене шынықтыру институты, М.Өтемісов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік университеті РМҚК, Зайнаб Бишева атындағы Стерлитамак мемлекеттік педагогикалық академиясы, И.Я.Яковлев атындағы Чуваш мемлекеттік педагогикалық университеті, Халықаралық академиялық ұтқырлық аясында Орынбор МПУ, Кузбасс мемлекеттік педагогикалық академиясымен ғылыми-зерттеу және басқа да жұмыстар бойынша ынтымақтастық серіктестік келісім шарттары жасалған.



ЖАҚЫНДА ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА КӘСІПТІК ОҚЫТУ БОЙЫНША VIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ПӘНДІК ОЛИМПИАДА ӨТТІ.

## КӘСІПТІК БІЛІМ СТУДЕНТТЕРІ ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Олимпиадаға Еліміздің әр облысындағы ең үздік, озық жоғары оқу орындарынан 13 команда қатысқан болатын. Бұл олимпиадаға университетіміздің «Кәсіптік оқыту» мамандығының 3-4 курс белсенді студенттерінен құралған «Шебер» командасы қатысып, өз білімдерін сынады. Сайыс төмендегідей кезеңдерден тұрды: 1 – теориялық білімін анықтау (арнайы пәндер бойынша тест); 2 – практикалық (жұмыс орындау) бұйым орындауда ептілігі мен дағдысын анықтау; 3 – жоба қорғау. Біздің командамыз жоғары нәтиже көрсетіп, ұйымдастырушылар мен төрешілердің көңілінен шығып, 2 жүлделі орынға ие болды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті басшылығы атынан Қ. Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті ректоры К.К.Кенжебаев мырзаға алғыс хат жолданды.

Бейнелеу өнері және кәсіптік білім кафедрасының студенттері Қуан Айгүл Манап Айдана, Ермаханов Алтынбек, Шүкіров Нұрлыбек және жетекшілері кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., доцент М.М.Шаштығарин, п.ғ.к., доцент М.А.Сутееваны шын жүректен құттықтаймыз. Болашақта биік белес пен шыңдардан көріне берулеріне тілектеспіз!

**Гүлмира КУДАСОВА, бейнелеу өнері және кәсіптік білім кафедрасының аға оқытушысы, Жайнагүл ТЛЕХАБЫЛОВА, 3 курс студенті**



## ВОПРОСЫ ЗАДАНЫ, ОТВЕТЫ ПОЛУЧЕНЫ

### О ПРОВЕДЕННОЙ КАФЕДРОЙ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ОСНОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИИ.

В рамках программы университетской студенческой конференции кафедрой теоретических основ физической культуры 4 апреля была проведена в онлайн-режиме видеоконференция совместно с институтом физической культуры университета экономики г.Быдгощ (Польша). Директором института Александром Скалием был сделан доклад на тему «Использование интернет технологий в плавании». В мероприятии участвовали преподаватели и студенты специальности «физическая культура и спорт» под руководством профессора Т.А. Ботагариева. В онлайн-конференции также приняли участие преподаватели и школьники Назарбаев интеллектуальной школы.

Александром Скалием кроме своего основного доклада было рассказано о тех образовательных программах, которые может предложить университет экономики в рамках договора, имеющегося между АРГУ им. К. Жубанова и университетом экономики.

Конференция прошла в интерактивном режиме. Преподаватели, студенты университета и школьники Назарбаев интеллектуальной школы задали вопросы, связанные с их дальнейшей профессиональной и учебной деятельностью, на которые они получили ответы.

Соб. корр.



т.б. әрекеттерді жүзеге асыратын 2 ғылыми орталық кіреді.

Педагогика институтының оқу және ғылыми-зерттеу қызметі инновацияға бағытталған және «Студенттің оқу әрекетін педагогикалық-психологиялық бағыттау» тақырыбындағы мәселеге арналады. Институттың профессор-оқытушылар құрамының ЖОО оқыту

«Музыкалық білім» мамандығының студенті Ә.Убайдоллаев 1-ші дәрежелі дипломды жеңіп алды. Дене шынықтыру және спорт мамандығының студенті А.Байкулова 2015 жылдың 13-15 қараша айында өткен Әлем чемпионатында Самбо күресінен 2 орынға ие болды (Касабланка қ. Марокко).ж 2015-





# ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ:

Филология факультеті 1966 жылы ашылып, орыс тілі мен әдебиеті мамандығына студенттер қабылданды, 1989 жылы қазақ және шетел тілдері факультеті атауымен қайта құрылған факультетте Қазақ тілі және Қазақ әдебиеті кафедралары ашылды. 1991 жылы Қазақ филологиясы факультеті жеке отау тікті.

Қазіргі уақытта факультет деканы филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сабыржан Мұхтаров.

## ФАКУЛЬТЕТ БАКАЛАВРИАТТЫҢ 6 МАМАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МАГИСТРАТУРАНЫҢ 1 МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША МАМАНДАР ДАЙЫНДАЙДЫ:

### БАКАЛАВРИАТ:

- 5B011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті,  
- 5B011800 - Орыс тілі мен әдебиеті,  
- 5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті,  
- 5B012200 - Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті,  
- 5B020500-Филология: қазақ филологиясы,  
- 5B020500-Филология: орыс филологиясы.

### МАГИСТРАТУРА:

6M020500-Филология

Факультетте жоғары білікті ұстаз-ғалымдар қызмет жасайды: 9 ғылым докторы, 33 ғылым кандидаты бар. Ғылыми дәрежелік жалпы оқытушылар санының 65,6 % құрайды. Олардың арасында: 5 ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, 2 ҚР тәуелсіздігіне 20 жыл меңгеруші медалінің, 2 «ҚР ғылымын дамытуға қосқан еңбегі үшін», 1 Ы.Алтынсарин атындағы, 1 «Тіл жанашыры» төсбелгілерінің иегерлері, 7 ЖОО-ның үздік оқытушысы бар.

Факультетте оқу процесі мықты материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген: 2 компьютерлік класс, 2 интернет класс, 1 мобилді компьютер класы, лингфондық кабинет, «Қазақ тілі» кабинеті, «Орыс тілі мен әдебиеті» кабинеті, «Тілдік пәндерді оқыту технологиясы» кабинеті, «Қазақстан тарихы» кабинеті, «Шетел тілі» кабинеті, «Өмір қауіпсіздігі негіздері» кабинеті жұмыс істейді. Оқу аудиторияларының 70%-ы интерактивті тақтамен жабдықталған.

Факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы – жоғары білікті мамандар, ғылыми дәрежелігі 65 %-ды құрайды, оның ішінде 3 ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, 1 Қаз.ССР Халық агарту ісінің озық қызметкері, 2 ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін, 2 ҚР білім берудің үздігі белгілерінің иегерлері, 2 «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалінің иегері, 1 «Тіл жанашыры» төсбелгісінің иегері және 8 ҚР ЖОО-ның үздік оқытушысы бар.

Факультет мамандықтары жыл сайын Ұлттық рейтинг нәтижелері бойынша тұрақты түрде жоғары көрсеткіштерге ие

# АЛАР АСУЫ БИІК



«Орыс филологиясы» мамандығының студенттері М.В. Ломоносов атындағы ММУ филиалы оқытушыларымен (Республикалық олимпиада, 2015 ж.)

болып келеді. Мысалы, ҚРБЖМ Ұлттық аккредитациялау орталығы анықтаған 2012 жылғы рейтинг бойынша барлық ЖОО арасында 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы 3-орынды иеленсе, Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша қазақстандық тәуелсіз агенттік (БСҚБТҚ-НКАОКО) тарапынан білім бағыты бойынша еліміздің барлық ЖОО арасында өткізілген «Ұлттық рейтинг-2013» қорытындысы бойынша 3-орын, ал 5B012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы 1-орын, 5B012200-

Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мамандығы 2-орынды иеленсе, «Ұлттық рейтинг-2014» қорытындысы бойынша 5B012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 5B012200-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 5B011800- Орыс тілі мен әдебиеті мамандықтары 2-орынды иеленді.

Факультет студенттері республикалық пендік олимпиадалардың тұрақты жеңімпаздары болып табылады. 5B020500-Филология:қазақ филологиясы мамандығының студенттері 2011-2012 оқу жылы 1-орын, 2012-2013 оқу жылы бас жүлде, 2013-2014 оқу жылы 2-орын, 2014-2015 оқу жылы 1-орынды иеленсе, 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 2014-2015 оқу жылы 3-орын, ал 5B011800 - Орыс тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 2011-2012 оқу жылы 3-орын, 2014-2015 оқу жылы 2-орынды иеленді. Факультетте оқып жатқан студенттер қала, облыс көлеміндегі



Факультет оқытушылары шетелдік тағылымдамада –Жапония,Қытай, Испания елдерінде.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ МОБИЛЬДІЛІКке БАЙЛАНЫСТЫ ФАКУЛЬТЕТ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ:

- Польша, Познань, А.Мицкевич атындағы университеті;
- ҚХР Шыңжаң экономика және қаржы институты;
- Үндістан, Джамму университеті;
- РФ ФА Білім басқару институты;
- РФ БашМУ, М.Ақмолда атындағы БашМПУ;
- РФ Пермь Ұлттық политехникалық университеті;
- Өзбекстан Республикасы Әлем тілдері университеті, т.б.

Факультетте академиялық ұтқырлық мәселесі жақсы жолға қойылған. Факультеттің 5 оқытушы-ғалымы «Болашақ» бағдарламасы бойынша Польшаның Познань қаласындағы А.Мицкевич атындағы университетте тәлімгерлік тәжірибеде болды. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Г.Д.Рысмағамбетова Нидерланды Корольдігінің Лейден қаласындағы ICLOON/DAAS Лейден университетінде тәлімгерлік тәжірибеден өтті. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенттері Ж.Әділбекова, Ф.Тұржанова т.б. ҚХР Шыңжаң экономика және статистика университетіне оқуға жіберіліп, қытай тілі курсы бойынша білім алып қайтты. Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 6 студенті РФ Башқұртстан республикасы Уфа қаласындағы Ақмолла ат. БашМПУ-де оқып келді, ішкі академиялық ұтқырлық бойынша Абай ат. Қазақ ҰПУ-де 3 студент, Қаз. Қыз. МПУ-де 1 студент оқып қайтса, аталмыш университеттің 3 курс студенті Г.Талғатқызы біздің университетте оқыды. Қазіргі таңда факультетте ҚХР Шыңжаң экономика және статистика университетінің 7 студенті орыс тілі мен әдебиеті мамандығында оқып жатыр.



ҚХР Шыңжаң экономика және статистика университетіне оқуға жіберіліп, қытай тілі курсы бойынша білім алып қайтты. Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 6 студенті РФ Башқұртстан республикасы Уфа қаласындағы Ақмолла ат. БашМПУ-де оқып келді, ішкі академиялық ұтқырлық бойынша Абай ат. Қазақ ҰПУ-де 3 студент, Қаз. Қыз. МПУ-де 1 студент оқып қайтса, аталмыш университеттің 3 курс студенті Г.Талғатқызы біздің университетте оқыды. Қазіргі таңда факультетте ҚХР Шыңжаң экономика және статистика университетінің 7 студенті орыс тілі мен әдебиеті мамандығында оқып жатыр.

# ОҚУШЫЛАР ОЛИМПИАДАСЫ

Жуырда университетіміздің филология факультетінде қала және ауыл мектептері оқушылары арасында орыс тілі пәнінен олимпиада өткізілді. Олимпиаданың мақсаты дарынды оқушылардың білімін сынға салып, оларға болашаққа кәсіби бағыт - бағдар беруге арналды.

Олимпиада тапсырмаларын орындау жазбаша және ауызша жұмыс түрлерінен - эссе жазу және тест сұрақтарынан, пиар-мәтіннен тұрды. Екі кезеңнен сүрінбей өткен оқушылар жүлделі орындарды иеленді. Орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша №28 орта мектептің оқушысы Наталья Яков бірінші орын, №27 орта мектебінің оқушысы Анастасия Ли екінші орын, Мартөк ауданы, №2 мектеп-гимназиясының оқушысы Рустем Казмухамед жүлделі үшінші орынды иеленді. Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша №31 орта мектептің оқушысы Ақбалдан Оспанова бірінші орын, №31 орта мектептің оқушысы Гульнат Нағашыбаева екінші орынды, Шалқар қаласы №1 мектеп –гимназиясының оқушысы Ақгүл Сейсенбаева үшінші орынды жеңіп алды.

Оқушылар мен олардың жетекші ұстаздары біздің университет базасында ұйымдастырылған олимпиаданың жоғары деңгейде өткендігін атып, ризашылықтарын білдірді.

Роза ТАНАТОВА,  
орыс тілі және әдебиеті кафедрасының оқытушысы





# ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

## ФАКУЛЬТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ:

Факультет деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Есқалиев Самат Амангелдіұлы.

«Қазақстан тарихы және тарихи пәндер» кафедрасы (кафедра меңгерушісі – т.ғ.к., доцент Медеубаев Ерлан Ислямович);

«Тарих және аймақтану» кафедрасы (кафедра меңгерушісі – т.ғ.д., доцент Исмағұлов Ұзақбай Шаукерұлы);

«География» кафедрасы (кафедра меңгерушісі – г.ғ.к., доцент Кубесова Гульнар Тынышбаевна).

### ФАКУЛЬТЕТ ТӨМЕНДЕГІДЕІ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ:

#### БАКАЛАВРИАТ:

- 5B011400 - ТАРИХ - күндізгі бөлім - 4 жыл, қысқартылғын оқу бағдарламасы бойынша - 2,5 жыл;

- 5B020300 - ТАРИХ - күндізгі бөлім - 4 жыл;

- 5B050500 - АЙМАҚТАНУ - күндізгі бөлім - 4 жыл;

- 5B011600 - ГЕОГРАФИЯ - күндізгі бөлім - 4 жыл, қысқартылғын оқу бағдарламасы бойынша - 2 жыл;

- 5B05090200 - ТУРИЗМ - күндізгі бөлім - 4 жыл

### МАГИСТРАТУРА:

- 6M020300 – ТАРИХ.

### ФАКУЛЬТЕТТІҢ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

Тарих факультетінде 43 оқытушы жұмыс істейді, оның 4-уі ғылым докторы, 22-сі ғылым кандидаты және қалғандары аға оқытушылар мен магистрлер болып табылады.

Факультеттің 5 оқытушысының әр жылдары «ҚР ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантын иеленуін профессорлық-оқытушылар құрамының жетістігі ретінде атап өтуге болады:

- т.ғ.к., доцент Әбенова Б.С. - 2006 ж.;
- т.ғ.к., доцент Кобенова Г.И. - 2007 ж.;
- т.ғ.д., профессор Сұлтанғалиева Г.С. - 2008 ж.;
- т.ғ.д., профессор Жұмағанбетов Т.С. - 2008 ж.;
- т.ғ.к., доцент Избасарова Г.Б. - 2012 ж.

### ФАКУЛЬТЕТТІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

2014-2015 оқу жылы бакалавриаттың 5B011400-Тарих және 5B020300-Тарих мамандықтары және магистратураның 6M020300-Тарих мамандығы мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті.

Факультеттің профессор-оқытушылар



құрамының және студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық рейтингісінің қорытындысында:

- 5B011400-Тарих мамандығы 2012ж. - 3 орынды;
- 5B020300-Тарих мамандығы 2012 ж.- 3 орынды;
- 2014 ж. -4 орынды;
- 5B011600-География мамандығы 2014 ж.- 3 орынды;



# ӨТКЕНДІ БІЛМЕЙ, КЕЛЕШЕК ЖОҚ

## ФАКУЛЬТЕТТЕГІ СТУДЕНТТІК ӨМІР



Олимпиада жеңісі

• 6M020300-Тарих мамандығы 2015 ж. - 3 орынды иеленді.

2015-2016 оқу жылында тарих факультетінің 75 студенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алды. Оның 23-і «Серпін-2050» бағдарламасына қатысушылар болып табылады. Соңғы үш жылда факультеттің 10 студенті үздік оқуы және қоғамдық жұмыстардағы белсенділігі үшін Президент стипендиясымен, 69 студент Ақтөбе облысы әкімі стипендиясының иегері атанды.

Факультет студенттері әртүрлі деңгейдегі халықаралық және республикалық конференциялар мен конкурстарға тұрақты түрде қатысып отырады. Тарих факультетінің студенттері кәсіптік дайындықты ғана емес, қоғамдық қызметпен де белсенді айналысуда. Факультет жастарының комитеті әртүрлі олимпиадаларды, КВН, мерекелер, қызықты тұлғалармен кездесулер өткізіп тұрады. Факультетте пікірсайыс, дебат, интеллектуалдық ойындар мен дөңгелек үстелдер өткізетін әртүрлі интеллектуалдық-пікірталастық клубтар жұмыс жасайды. Оқу процесінде өзін-өзі басқару элементтерін енгізу, жастарды бұқаралық-мәдени және спорттық шараларға тарту, салауатты өмір салтын ұстану, оқу-тәрбие шараларын жетілдіруге бағытталған студенттік деканат жұмыс жасайды. Факультетте студенттік пікірсайыстар, түрлі спорттық турнирлер тұрақты түрде өткізіліп, «Халықаралық ұстаздар күні», «Жаңа жыл», «Наурыз мейрамы», «Алтын күз», «Студенттік көктем», «Халықаралық әйелдер күні» және т.б. мерекелер тұрақты түрде өткізіліп отырады.

Студенттердің және олардың ғылыми жетекшілерінің әлеуетімен «Екінші дүниежүзілік соғыстың өзекті мәселелері», «Археолог-этнограф», «Тарихи өлкетану», «Ақтөбе облысының топонимдері», «Ақтөбе облысының тарихы», т.б. проблемалық топтар мен ғылыми үйірмелері жұмыс жасайды. Олар әртүрлі ғылыми-зерттеушілік сипаттағы жұмыстарды талқылаумен айналысуда. Үйірме жұмыстарының нәтижесінде студенттердің көптеген ғылыми жұмыстары студенттік ғылыми жұмыстардың конкурстарына қатысуда.

Факультетте аталған мамандық студенттерінің түрлі деңгейдегі білім сайыстарына қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алуы дәстүрге айналған. Студенттерді білім сайыстарына білікті

әрі тәжірибелі оқытушылар дайындайды.

Факультеттегі 5B011400-тарих, 5B020300-тарих және 5B011600-география мамандықтарының студенттері республикалық олимпиадалардың бірнеше мәрте жеңімпаздары. Атап айтқанда, 5B011400-тарих мамандығының студенттері 2010, 2013 жылдары 1 орын, 2011, 2012 жыл-

дары 3 орынды иеленсе, 5B011600-география мамандығының студенттері 2010, 2011, 2013, 2014 жылдары өткен Республикалық пәндік олимпиадалардың командалық жүлдегерлері. Факультетте аталған мамандық студенттерінің оқу-танымдық, өндірістік және педагогикалық практикалардан өтуіне үлкен көңіл бөлінеді. Факультеттің келісім-шарт негізінде байланысы бар практика базалары төмендегідей:

- Облыстық және қалалық мектептер;
- Ақтөбе қаласының колледждері;
- Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі;
- Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты;
- ЖШС «Зере тур» туроператорлық компаниясы;
- Ақтөбе қалалық жасөспірімдердің туристік станциясымен;
- Далалық, археологиялық-этнографиялық практикалар үшін аудан әкімдіктері.

**Еңбекпен қамтамасыз етілу.** Еңбек нарығындағы қажеттілікке байланысты біздің түлектеріміз 100 % жұмыспен қамтылады. Факультет жыл сайын мектептер мен білім ордаларының жетекшілерін жұмылдыра отырып, «Бос орын жәрмеңкесін» және «Ашық есік» күнін өткізуді дәстүрге айналдырған.



Шетелден қелген профессор

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ МОБИЛЬДІЛІКке БАЙЛАНЫСТЫ ФАКУЛЬТЕТ ШТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС ОРНАТҚАН.

2011-2012 оқу жылы Венгрия Ғылым академиясынан Андраш Биро, Михаил Добрович сынды ғалымдар келіп дәрістер оқыды. 2012-2013 оқу жылында сол дәстүр жалғасып, кафедра мамандықтарының магистранттары мен студенттеріне К.Маццато (Жапония) және Н.Пиончолли (Италия, Гонконг), А.Моррисон (Ұлыбритания) сынды ғалымдар дәрістер оқыды.

2014-2015 оқу жылында факультетке дәріс оқуға көрнекті орыс американист-ғалымы, тарих ғылымдарының докторы, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті халықаралық қатынастар факультетінің Американдық зерттеулер кафедрасының профессоры Александр Иванович Кубышкин шақырылды.

А.И.Кубышкин тарих факультетінде 2015 жылдың 19-29 сәуір аралығында болып аймақтану және тарих мамандығының студенттеріне қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы, жетекші державалардың посткеңестік кеңістіктегі сыртқы саясатына арналған екі курс оқыды, сондай-ақ университеттің профессор-оқытушылар құрамына «Қазіргі азаматтық қоғам құрылымындағы АҚШ және Канада университеттері» деген тақырыпта халықаралық оқыту семинарын өткізді.

Біздің факультет студенттерінің арасында халықаралық және республикалық академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде АҚШ, Болгария, Қытай, Латвия елдерінде, Алматы, Астана қаласындағы белді жоғары оқу орындарында білімдерін шындап келгендері өте көп.





• ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕНІ - ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНДА

ФАКУЛЬТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ:

5B0011300 – БИОЛОГИЯ

Оқу мерзімі: күндізгі бөлім – 4 жыл; сырттай бөлім: 5 жыл  
сырттай қысқартылған түрі: 2,5 жыл  
Академиялық дәрежесі: биология бакалавры.  
Кәсіби іс-әрекет нысандары:  
- мектептер, гимназиялар, колледждер және т.б.;  
- ғылыми – зерттеу мекемелер мен мамандық бағытындағы зертханалар, - мемлекеттік басқару орындары

5B060700 – БИОЛОГИЯ

Оқу мерзімі: күндізгі бөлім – 4 жыл;  
Академиялық дәрежесі: биология бакалавры.  
Кәсіптік қызмет түрлері:  
- ғылыми - зерттеу: ғылыми зерттеу жұмыстарын жоспарлау мен орындау, алынған мәліметтерді сараптау, қорытындылау;  
- ұйымдастыру - басқару: өзінің және ұжымның кәсіби, іс-әрекетін ұйымдастыру, қойылған міндеттемелерді орындауға бақылау жүргізу;  
- үйлестіру: жалпы мәселелерді шешуде ғылыми мекемелермен өзінің іс - әрекетін үйлестіре білу;  
- кеңесші: кәсіби іс-әрекет саласына байланысты сұрақтарды шешуге кеңес беру;  
- білім беру: колледж, лицей және орта мектептерде білім мен тәрбие беру жұмысын жүзеге асыру;  
- табиғатты қорғау: табиғи орта жағдайына биомониторинг және биологиялық бақылау жасау, антропогендік әсерді бағалау;  
- Кәсіби іс-әрекет нысандары:  
- мектептер, гимназиялар, колледждер және т.б.;  
- ғылыми – зерттеу мекемелер мен мамандық бағытындағы зертханалар, мемлекеттік басқару орындары және т.б.;  
- жалпы орта білім беру, кәсіптік – техникалық білім беру, арнайы орта білім беру.

ХИМИЯ КАФЕДРАСЫ

5B060600-Химия, 5B011200-Химия (оқу мерзімі - 4 жыл)  
мамандықтарын дайындайды  
5B060600-Химия мамандығы бойынша бакалаврдың қызмет аумағы:  
- химиялық; - металлургиялық; - мұнай-химиялық;  
- фармацевтік өнеркәсіптер салалары; - білім беру;  
- ғылым және экология.  
5B011200-Химия мамандығы бойынша бакалаврдың кәсіптік қызмет функцияларын орындай алады:  
- білім беру; - ғылыми-әдістемелік;  
- ғылыми- зерттеу; - ұйымдастырушы - басқарушылық.

ЭКОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫ

5B060800 – Экология мамандығы 2007 жылдың қараша айының 1-ші жұлдызынан бастап өз алдына дербес кафедра болып жұмыс жасап келеді. Қазіргі таңда кафедрада 13 оқытушы жұмыс жасайды, оның 1-і профессор, 6-ы ғылым кандидаты. Мамандықтың оқу мерзімі: күндізгі бөлім – 4 жыл Сырттай бөлімдері, жоғары білім негізінде – 2 жыл және арнаулы орта білім негізінде - 3 жыл Академиялық дәрежесі: Экология бакалавр.

2009 жылы жоғары оқу орнынан кейінгі "6M060800-Экология" магистратура мамандығы ашылды. Оқу мерзімі 1,5 жыл

Экология кафедрасында жыл сайын студенттердің белсену қатысуымен ғылыми апталықтар өтеді. Ғылыми - практикалық конференцияларда студенттерге жеке ғылыми баяндамалар, ғылыми жобалар қорғауларына мүмкіндік беріледі.

Түлектеріміздің бірі Даулетияров Анарбек «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алуда.

Сондай-ақ, өткен оқу жылында бітірген 4 түлгіміз көршілес Ресей елінде магистратурада оқиды.

Экология кафедрасы тәжірибе бөлісу мақсатында шетелдердің жоғары оқу орындарымен және еліміздегі ірі өндірістік компаниялармен өзара келісім-шартқа отырды. Атап айтқанда, Орал бөлімі Ресей Федерациялық ғылым Академиясының өсімдік және жануарлар экологиясы ғылыми-зерттеу институты (Екатеринбург қаласы), Астрахань мемлекеттік университеті (Астрахань қаласы), Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан ұлттық мемлекеттік университеті (Ташкент қаласы), Оренбург мемлекеттік университеті, Оренбург техникалық университеті (Оренбург қаласы); ТШО, Бритиш Петролеум, Аджиб, Эни, СНПС-Ақтөбе Мұнай Газ, Маңғыстау МұнайГаз, ҚазХром және т.б.компаниялар. Жыл сайын студенттер мен магистранттар, осы келісім шарттар бойынша ғылыми-зерттеу және өндірістік практикалардан өтуге оқу жоспарына сай жіберіліп отырады.

Шетелдерден ғылым докторлары келіп, студенттерге дәріс оқиды. Сонымен қатар, кафедрада кейбір пәндер бойынша зертханалық, практикалық сабақтар арнайы экологиялық мекемелерде өткізіледі.

Экология мамандығының түлектері келесі бағытта жұмыс жасай алады: мұнай компанияларында, СЭС зертханасында, РГП Қазгидрометте, экологиялық қызметте, ғылыми-зерттеу институттары мен зерттеу орталықтарында, ірі өндірістік мекемелерде, экология департаментінде, мемлекеттік әкімшілік мекемелерінде (мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімінде, табиғи ресурстарды пайдалану бөлімдерінде), конструкциялық жобалау мекемелерінде (көгалдандыру, суландыру, реконструкциялау, жоспарлау), табиғатты қорғау және құрылыс компанияларында, экологиялық инспекцияда, экологиялық қоғамдық ұйымдарда, орман шаруашылығында, ерекше қорғауға алынған аймақтарда, қоршаған ортаны қорғау басқармасында, экологиялық ЖШС.

Сондықтан да, бұл мамандық, бүгінгі күннің басты талабы болып табылады.



АМЕРИКАҒА БІЛІМ САЯХАТЫ

Үстіміздегі оқу жылының бірінші семестрінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Халықаралық академиялық ұтқырлық» бағдарламасы арқылы АҚШ-та оқып келдім. «Теннесси Технологялық Университеті» АҚШ-тағы жоғары білімді ЖОО бірі.

Ең басында келгенде тілмен қиындықтар болады, жаңа әлемде үйренісіп кете алмаймын деген ойлар көп болды, алайда ата-анамның қолдауымен және ақ батасы арқасында ұшаққа отырған кезде қорқынышым су сепкендей басылды.

Бар болғаны 4 айда көптеген жаңа достар таптым. Соның ішінде Дубай, Бразилия, Германия, Испания, Малайзия, Тайланд, Филиппин, Франция, Сауд Арабиясы, Швейцария, Мексика, Корея, Қытай сынды елдерден келген студенттер-

мен танысып, бір үлкен отбасыға айналдық. Өзге елден келген студенттерді байланыстырған ағылшын тілі және жаңа дүниені ашуға деген ізгі талаптары болды. Сонымен қатар Қазақстаннан барлығы 21 студент оқып қайтқан болатынбыз.

Білім деңгейлері өте жоғары, барлық студенттер кітапханадан күні - түні шықпайды. Сынақтардан әрқашанда өз күштерімен дайындалып, жоғары балл алады. Класстар 24ші тамызға дейін таңдалынады. Ол үшін әр студентке бөлінген жеке эдвайзер көмегімен студенттің қалаған уақытындағы, қалаған пәнін таңдайды, кредит саны шектелген. Егерде пән ұнамаса оқу басталғаннан кейін 3 апта ішінде басқа пәнге ауысуға мүмкіндік береді. Әр зертханалық сабақтарында міндетті түрде зерттеу жұмыстары жасалынады. Мен өзім 12 кредит бойынша 4 пәнді таңдап, оқып бітіріп шықтым. Әр пәннің мұғаліміне профессорға емес, жәй досыңа қарағандай қарым-қатынаста бола алдым. Себебі олар бауырмал түсінбегеніңді жәй сөзбен түсіндіріп беруге және әрқашан көмек қолын созып тұруға дайын.

Әр 2 апта сайын әр елдің студенттері өздерінің туған жерлеріне презентация дайындап, қорғаған болатын. Сол секілді бізде қазақ еліне көрмет бейнебаян дайындап, ұлттық тағамдар бешбармақ, бауырсақ, жеңіл салаттар әзірлеп, қазақша ән-күй орындап, дәстүрімізді таныстырдық.

Бір сөзбен айтқанда, шетелдегі оқу маған жаңа мақсаттар, жаңа достар, өмірге басқа жағынан қарауға шабыт берді. Ендігі мақсатым «Болашақ» бағдарламасы арқылы білімді АҚШ-қа барып шындағым келеді.

**А. ОТАРОВА,**  
биология мамандығының 2 курс студенті

ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАНЫ

Айнұр Узакбаева және Гүлжанат Шалқар, біз 4 курс студенттері өндірістік практиканы ақпан айында АИС мекемесінде өтіп келдік.



Бірінші күні жетекшімізбен мекемеге барып, мекеме ұжымымен таныстық. Бізді мекеме басшысы қауіпсіздік ережелерімен және мекеме ішіндегі өнімнің қалай, қандай мақсатта өндірілетіні туралы таныстырды. Мекеме ішіндегі сүт өнімдерін өндіретін негізгі заманауи технологиялармен, аппараттармен танысып, оны практика жүзінде қолданып, зертхана жұмыстарын жүргізіп көрдік. «Лактан», «Biotrate» аппараттарын пайдаланып сүттің майлылығын қысқылдылығын

өлшеуді үйреніп оны практика жүзінде жасап көрдік.

Әр түрлі цехтардың іске қосылу жолдарын білдік, бұл цехтарда өзіне тән ережелеріде бар..

Біз өндірістік практикадан өту барысында бұл мекемеден жақсы әсер алып өзімізге профессионалдық тұрғыда біраз тәжірибе жинап қайттық. Бұл практикадан жинаған тәжірибеміз болашақта зор үлесін тиісінше леген сенімлеміз



Университетте оқу барысында теориялық білімімізді жетілдіріп, оны оқу барысында жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Педагогикалық практика кезінде 8 класс оқушыларымен жұмыс жасап, болашақ мұғалім мамандығына қызығушылығымыз артты.

**№ 40 ОМ оқушыларымен педагогикалық практика кезінде**



ЖЕТІСТІКТЕР

Жаратылыстану факультеті 5B060600 – Химия мамандығының 1 курс студенті

Хұдайбергенова Земфира Аспандиярқызы:

-Кішкентайымнан таэквондо секциясына барамын.

Бұл спорт түрінен біршама жетістіктерім де бар. Атап айтар болсам, Ресейдің Ижевск қаласында Халықаралық турнирдің жүлделі 2 орын (2012ж.), 2013 ж Халықаралық турнирдің 1 орын, 2014 ж. Қазақстан чемпионатының 1 орын, 2015 ж. «Боец Азии» Халықаралық турнирінің 2 орын иегері атандым. Жақында Ресейдің Пятигорск қаласында ТAEKWON-DO-дан өткізілген Халықаралық турнирде 1 орынды иелендім.

Университетте спорт пен оқуды қатар алып жүруге барлық жағдайлар жасалған. Оқу процесі өте қызық, әсіресе, химиялық лабораторияда тәжірибелер жасағанды ұнатамын. Жалпы, жақсы маман болып қалыптасуға кафедрада барлық мүмкіндіктер бар, сондықтан өзімді болашақта кәсіби химик ретінде көремін.





## КАЗАХСТАНСКИЕ УЧЕНЫЕ ПОКОРЯЮТ ФРАНЦИЮ

С 27 февраля по 4 марта с.г. в университете ClaudBernard (Франция, Лион) проходил 7-й международный симпозиум по оптическим материалам. Симпозиум отметился большим количеством участников. Среди них – представители более 50 стран, в том числе Японии, США, Китая, Англии, Германии, Польши, Бразилии, Индии, России, Белоруссии, Казахстана и др. Казахстанскую группу ученых представляли сотрудники научного центра и преподаватели физико-математического факультета Актюбинского регионального государственного университета имени К. Жубанова: профессор К. Ш. Шункеев, к.ф.-м.н А.А. Бармина, PhD Н.Н. Жантурина с докладом на английском языке, посвященным сцинтилляционным свойствам щелочногалоидных кристаллов при понижении симметрии решетки

низкотемпературной деформацией.

Участниками были прослушаны интересные доклады по технологии выращивания, синтеза оптических материалов, оптических свойств и применению в науке и технике. Во время визита во Францию были налажены международные связи, обсуждены полученные результаты, произведен обмен опытом. По результатам конференции готовится статья для публикации в ведущем рецензируемом научном журнале "Opticalmaterials". Также сотрудники научного центра были приглашены на международную конференцию DPC-16 с устным докладом, которая состоится 17-22 июля 2016 года в Парижском университете (Франция).

Н. ЖАНТУРИНА, PhD



## ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ЖОЛ АШТЫ

ҮСТІМІЗДЕГІ ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ 4 – 9 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА ҚЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҒЫЛЫМИ АПТАЛЫҚ ӨТТІ.

Факультеттер мен институттарда онлайн желі түрінде ұйымдастырылған шараның салтанатты ашылуына профессорлар құрамы, ғылыми қызметкерлер, жас мамандар, жас ғалымдар кеңесі, магистранттар және студенттер қатысты.

Қазіргі таңда Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен елімізде технология мен ғылымның дамуына кең көлемде ықпал көрсетіліп келеді. Қазақстан халқына арнаған Жолдауда Елбасы «Отандық ғалымдарды қолдауымыз керек» - деп ерекше айтып өткен еді.

Ғылыми апталық-2016 бұл бірегей ғылыми-инновациялық алаң болып табылады. Студенттер ғалымдармен, қоғам қайраткерлерімен, университет белсенділерімен, отандық және шетелдік ЖОО-ң профессорларымен тікелей тілдесе алу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен бірге бұл апталық студенттерге инновация және ғылым саласындағы тың перспективті жобаларын жүзеге асыруға жол ашты. Іс-шара жас ізденуші ғалымдар, магистранттар және студенттер арасында ғылыми ізденістерін дамытуға бағытталды.

Қатысушылар, сондай-ақ пікірталас, дебат, брейн-ринг, интеллектуалдық ойындар, пәндік олимпиада, студенттік ғылыми семинарлар, деңгелек үстел конкурс, интерактивті шеберлік сабақтары сынды шараларға атсалысты. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен университетіміздің 50 жылдығына арналған «Жастар, ғылым және инновация» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға шетелден және еліміздің ЖОО-нан 400 астам ғылыми мақала келіп түскенін айта кету керек.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ғылыми апталық студенттер мен жас ғалымдар арасында ғылымның теориялық және практикалық мәселелерін талқылауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге аталмыш шара тың тәжірибе жинақтап, жаңа достар табуға, идеяларын жүзеге асырып, ғылымдағы мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға септігін тигізді. Ел болашағы тікелей отандық ғылымның дамуына байланысты екені сөзсіз.

Өз тілшіміз

## ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНДЕ АПТАЛЫҚ АЯСЫНДА ӨТКЕН ШАРА



2016 ЖЫЛДЫҢ 4-9 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНДЕ «ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫ» ӨТКІЗІЛДІ. ШАРАНЫҢ ӨТКІЗІЛУ БАРЫСЫ ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТТІҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ.

Басты мақсат- студенттердің ғылыми деңгейлерін жоғарылата отырып, еліміздің болашағын ойлайтын патриоттарды тәрбиелеу. Апталықтың ашылу салтанаты университет ректоры К. Кенжебаевтың онлайн-режимде сөйлеген алғы сөзімен басталды.

Апталық аясында өткізілген түрлі конференциялар, деңгелек үстелдер, викториналар, брейн-ринг және кездесу кештері тарих факультеті деканы С. Есқалиевтің, география кафедрасы меңгерушісі Г. Кубесованың және кафедра оқытушылары мен факультет студенттерінің атсалысуымен жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Апталық соңында белсенді студенттер мақтау қағаздарымен марапатталды.

Өз тілшіміз

## ҚОҒАМДАҒЫ СТУДЕНТТІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Деңгелек үстел барысында жиналған оқытушылар мен студенттер тақырып төңірегінде ізденіспен жазған баяндамаларын қорғап, ойларын ортаға салды.

«Экономика және менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы Нұрсамал Сұлтамұратованың «Дағдарыс жағдайындағы кәсіпорын шығындарын оңтайландыру» тақырыбындағы баяндамасы көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

«Мен жастарға сенемін» - ұлтжандылық ұранының дәлелі ретінде бүгінгі күні өзінің болашағын білім мен ғылымға негіздеген жас ұрпақ деңгелек үстелге белсене қатысты. Жастардың қазіргі қоғамдағы еліне деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің көріністері «Мемлекеттік жергілікті басқару және маркетинг» кафедрасының 3 курс студенттері Эльвира Дармагамбетованың «Жастардың қоғамдағы рөлі. Жас саясаткер жобасы» және Батыр Аманжолдың «Жастар арасындағы жаңа патриотизмді қалыптастыру» атты тақырыптарда қорғаған еңбектерінде кеңінен баяндалды. Келесі бір құқықтану мамандығының 3 курс студенттері жасаған баяндамалар қазіргі таңда еліміздегі орындалатын нақты қадамдар жайына арналды. Кази Жакияев Ұлт жоспары 2050 - бағдарламасындағы жас

ұрпақтың рөліне тоқталса, Ақмарал Абуова «100 нақты қадамға сәйкес заманауи мемлекеттегі жастар» тақырыбындағы баяндамасын оқыды.

«Экономика және менеджмент» кафедрасының магистранты Артур Гадильшин зерттеу жұмысында акционерлік қоғамды құру, олардың қызметі, тәуекелдері мен ұтымды тұстары, қоғамның қызмет ету барысындағы және тарату кезеңіндегі қиындықтары жайын сөз етті.

Келесі баяндама ел экономикасында өзекті мәселенің бірі инфляция жайында болды. Оның зардаптарын жеңілдету және күресу амалдарын қаржы мамандығының 2 курс студенті Беғарис Беғеев «Инфляцияның пайда болу себептері» атты баяндамасында талқыға салды. Атап еткендей әр қатысушылар үлкен еңбекпен ізденістің арқасында деңгелек үстел тақырыбына сай өз баяндамаларын жоғары дәрежеде қорғады.

Деңгелек үстелге қатысушыларға экономика және құқық институтының директоры С.М.Кулушевтың атынан Алғыс хаттар табыс етілді.

Эльвира ДАРМАГАМБЕТОВА,  
Мақсат АБЕКЕНОВ,  
3 курс студенттері



## ҒЫЛЫМҒА ЖҰБАНОВ ЖОЛЫМЕН

Студенттердің ғылыми апталығын университет көлемінде өткізу ісінен осы оқу орнының «Жұбановтану» зертханасы да тыс қалған жоқ. Зертхана апталық ауқымында профессор ҚЖұбановтың ғылыми шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында факультеттік кітапханаларда ғалымның өмірі мен қызметі, еңбектері мен көркем-әдеби шығармалары жөнінде студенттерге мол дерек-мағлұмат беретін кітап көрмелерін ұйымдастырды, «Ұлы дала тұлғалары» сериясы бойынша Ахмет Байтұрсынұнов атындағы республикалық тіл білімі институты «Ғылыми Қазына» баспасынан шығарған «Құдайберген Жұбанов» атты ғұмырнамалық-публицистикалық жинақтың твсавкесерін (презентациясын) жасады.

Презентацияда зертхана жетекшісі доцент Б.Ш.Баймуханов ғалымның ғылыми шығармашылығынан да басқа қырлары: журналистігі, аудармашылығы, драматургтігі, жазушылық-ақындық, суретшілік өнері туралы қызықты баяндап, профессор өмірінің кепке беймәлім тұстарын еңгімесіне арқау етті. Жұбановтану зертханасының ұжымы студенттердің ғылыми апталығын университеттің 50 жылдық мерейтойына арналған «Ғылым. Қоғам. Адам» атты теориялық-танымдық конференция өткізумен аяқтады. Конференцияда М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Е.Ш.Сақпанов «Ғылым туралы Сөз» тақырыбында баяндама жасап, студенттер мен оқытушылар қойған сұрақтарға нақты, мағыналы жауаптар берді.

Ал «Теориялық және қолданбалы тіп білімі» кафедрасының доценті

Н.А.Садуақас профессор Қ. Жұбановтың ғылыми шығармашылығы жөнінде соңғы кездегі ізденістер мен жаңалықтардан жиналған жастарды хабардар етті.

Бұл конференцияға филология, шет тілдері, техника факультеттерінен жұбановтанушы 40 студент және М. Құсайынов атындағы облыстық дарынды балалар мектеп-интернатынан 12 жоғары класс оқушылары қатысты. Олар жиын барысында «Ғылымдағы өмір, өмірдегі ғылым», «Жұбанов феномені», «Ғылым.Қоғам және Мен» деген ұғымдарды қалай түсінетіндігі жөнінде ой бөлісті, пікір алысты, дебаттық айтысқа түсті.

Нәтижесінде дарынды балалар мектеп-интернатының 12 оқушыдан құрылған «Жас ғалымдар» командасы университет ректорының қолы қойылған I дәрежелі Дипломның иегері атанды. II дәрежелі Дипломды қазақ филологиясының 2 курс

студенті Ақмәнет Қабасова жеңіп алды, ал қалған 15 студент ректордың «Алғыс хатымен» марапатталды. Конференция жұмысына арнайы шақырылған Мұғалжар ауданы Қ.Жұбанов атындағы Жұрын орта мектебі директорының орынбасары Н.К.Сейтимова және сол мектептің Қ.Жұбанов атындағы АЕМУ-дің филология факультетін 1971 жылы бітірген алғашқы түлектерінің бірі, озат мұғалім Ж. Жумағазина жастарды үлкен ғылымға және жұбановтану ісіне тарту мақсатында аса пайдалы шара өткізген зертханаға үлкен алғыс айтып, университет ұжымына алдағы уақытта кәсіби мамандар дайындау ісінде зор жетістіктер мен мол табыстар тіледі.

Ақмәнет ҚАБАСОВА,  
филология факультеті  
202-ҚФ студенті



## АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ» (АО «НЦНТИ»)

приглашает на вакантную должность директора Актюбинского филиала АО «НЦНТИ» (г.Актобе).

Требования к претендентам: высшее образование, знание законодательных и иных нормативно-правовых актов РК в научно-технической сфере, стаж работы в области научной и научно-технической информации не менее 3 лет, аналитические навыки, знание общего программного обеспечения (Microsoft Office (Word, Excel и др.)), наличие научных публикаций.

Резюме направлять по электронному адресу: [bg@inti.kz](mailto:bg@inti.kz)

Контактный тел: 8 (727 -378-05-59),

г.Алматы, ул.Богенбай батыра, 221.

АО «НЦНТИ»

## ӘСЕРЛІ КЕШ

2016 жылдың 7 сәуірінде тарих факультетінің география кафедрасында университетіміздің 50 жылдық мерейтойына орай аға оқытушы, әдіскер С.У.Айғужина мен география кафедрасының меңгерушісі Г.Т.Кубесованың ұйымдастыруымен «Ұстаз-ұлы есім» атты кездесу кеші өткізілді. Кештің мақсаты аға буын ұстаздар қауымынан тағылымды тәрбие алу, олардың озық ойларын тыңдап, сан жылдық тәжірибесі бар езінің кәсіби шеберлерінен үлгі алуға арналды.

Кеште факультет деканы С.А.Есқалиев кіріспе сөз сөйлеп, ұстаздың қоғамда алатын орнына, аталмыш кештің маңыздылығына тоқталды. Шараға география кафедрасының оқытушылары, география мамандығының 4 курс студенттері және қала мектептерінің тәжірибелі әдіскер-ұстаздары қатысып, кеш барысында ұстаздар қауымы өздерінің тәжірибелерімен, ақыл кеңестерімен бөлісіп, жастарға өнегелі ойларын жеткізді. Кеш әсерлі өтті.

**Сания АЙГУЖИНА,**

география кафедрасының аға оқытушысы

## ВЕТЕРАН БЫЛ РАД ВСТРЕЧЕ

1 МАРТА С.Г. НА ФАКУЛЬТЕТЕ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ СТАРТОВАЛА АКЦИЯ ПОМОЩИ ВЕТЕРАНАМ ВОВ «МЫ - НАСЛЕДНИКИ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ», КОТОРАЯ ПРОДЛИТСЯ ДО 9 МАЯ.

Цель проведения акции - не просто оказать помощь ветеранам, но и воспитать у молодежи чувство долга, благодарности, милосердия и уважения к старшему поколению.



В рамках данного мероприятия студенты и преподаватели кафедры «Английский и немецкий языки» А.Т. Трушева и Ш.К. Нурманова навестили ветерана ВОВ Минаша Садулова.

Ветеран войны, старший сержант, командир стрелкового подразделения 995 стрелкового полка 263 дивизии Минаш Садулов родился в 1925 году в Карабутаком районе Актюбинской области. Ветеран показал гостям свои заслуженные и ценные



медали, архивные справки, в которых упоминалось о том, что «в бою при штурме города Кенигсберг с 6 по 8 апреля 1945 года Минаш Садулов смело и решительно со своим отделением врывался в городские здания, принимая жаркие рукопашные схватки. В уличных боях за три дня захватил в плен 16 немцев, 2 пулемета, лодку, пушку и уничтожил 11 немцев. Награжден орденом Красной Звезды».

Не обошлось и без рассказов о самой войне, о фронтовых трудностях. Студенты с интересом зада-

вали вопросы: о войне, о тех нелегких сражениях, которые пришлось пережить в годы войны. Воспоминания ветеранов всегда важны для молодого поколения, они стимулируют быть лучше, усиливают патриотизм. Ветеран был рад встрече с молодежью и поблагодарил их за помощь.

В завершение визита ветеран Великой Отечественной войны Минаш Садулов пожелал нашим студентам и преподавателям, которые навестили его, и всей молодежи Казахстана счастливой и долгой жизни.

«Мы все в неоплатном долгу перед ветеранами. Именно их нужно благодарить за то, что каждый из нас может строить свою жизнь в мирное время. Важно не только обеспечить им благополучную жизнь, но и память о подвиге, который они совершили ради свободы и ради нас с вами», – говорит одна из участниц акции, студентка 4 курса специальности «Английский и немецкий языки» Салтанат Жұбаева.

Многие ли студенты задумываются о том, как помочь людям, нуждающимся в поддержке? А для наших студентов благотворительная акция, приуроченная к 71-летию Победы в Великой Отечественной войне, явилась началом не только новой жизни в университете, но и стартом целой цепочки добрых дел. Напомним, что ребята, навестившие ветерана, оказали не только материальную помощь в виде продовольственных подарков, но и моральную: провели теплую беседу с ветераном. Ведь внимание им необходимо!

**Акмарал ТУХТАРОВА,**  
старший куратор факультета иностранных языков

## ВСТРЕЧА С ПРЕЗИДЕНТСКИМ ОРКЕСТРОМ

Во Дворце студентов 29 марта прошла встреча творческой молодежи АРГУ им. К.Жубанова с Президентским оркестром Службы государственной охраны. На встрече присутствовали представители оркестра Клара Толенбаева, Досымжан Танатаров, Жанна Сандыбаева, Асель Алибекова и Асель Мадекешова.

Студенты в ходе встречи задали ряд вопросов, касающихся творческой жизни, о музыкальных предпочтениях Президента, как пришли в состав оркестра и какое образование нужно получить. Досымжан Танатаров поделился веселыми историями из жизни.

Просьбу «Қонақ кәде» гости не оставили без ответа. Первой из гостей исполнила песню К. Толенбаева. Ж. Сандыбаева исполнила песню Газизы Жубановой «Жыр жазамын жүрегіммен», А. Мадекешова - Ахмета Жубанова «Қарлығаш». А. Алибекова показала мастер-класс по народным танцам.

Модератором встречи выступил Елтай Кемал Организатором встречи выступил культурно-творческий отдел

В честь 25-летия Независимости во Дворце студентов 29 марта выступил Президентский оркестр Службы государственной охраны, а 30 марта прошел сольный концерт танцовщицы, лауреата международных конкурсов Асель Алибековой.

**Д. КУЖАХМЕТОВА**

## ТВОРЧЕСКАЯ ВЫСТАВКА

студентов 4 курса «Коктем өрнектері», посвященная 50-летию АРГУ им. К. Жубанова, 25-летию Независимости Республики Казахстан



Выставку торжественно открыли декан технического факультета Мурзагалиев Ахмет Жакеевич и заведующий кафедрой «Дизайн» Моменов Боранбай Мырзагалиевич, организатор - старший преподаватель кафедры «Дизайн» Тналина Н.Х. На выставке присутствовали делегация из г. Москвы: директор Музея экслибриса, председатель МСК Шустрова Л.В., профессор МАРХИ, художник, архитектор Зорин Л.Н., а также преподаватели и студенты нашего вуза.

Цель выставки - показ творческих, курсовых работ по дисциплине «Декоративно-прикладное искусство», которые направлены на изучение, сохранение, восстановление и эффективное использование культурного наследия страны.

У каждого человека внутренний мир должен опираться на добрые традиции родного народа, на его культуру.

Традиции и обычаи складывались веками и прививались они с самого детства - на примере старших.

Изучая значение и изготовление войлока, мы больше узнаем о традиционном быте своего народа, развиваем у молодого поколения бережное отношение к культурному наследию рода, со-

вершенствуем нравственные отношения, уважение и дань к старшему поколению.

Народное искусство дает яркий пример сохранения и развития национальной культуры. Оно доказало свою жизнеспособность, перекинув мост из прошлого в настоящее.

Отсюда выдвигается главная задача современности: учить ремеслам подрастающее поколение.

Интерес к художественному наследию казахского народа не ограничивается только обращением к традициям, а является стремлением к постижению эволюционных процессов в прикладном искусстве. Если традиционное валяние войлока выполнялось мокрым способом, то в настоящее время оно выполняется сухим способом. Если точнее, картины создаются иглами фелтинга.

По итогам выставки были награждены студенты по номинациям:

- за добросовестный труд - Калиева Акниет «Влюблённые»;
- за оригинальность композиции - Шамханова Жулдыз «Полёт»;
- за лучшую композицию - Куанышева Асыл и Кожас Жупар «Проводы невесты».

Диплома 3-й степени удостоились Муханалиева Гульназ «Скачки» и Шынарбек Нурила «Дебаты».

Диплом 2-й степени получили Амангельдина Диана «Весенние голуби» и Жумагазина Акзерим «Новый очаг».

Дипломом 1-й степени награждена Мукангалиева Гульзат «Мелодия степей».

За активное участие в выставке отмечены студенты Амантаева Айнура, Сарабекова Альбина, Калмен Сағыныш, Кеңесов Архат.

**Соб.кorr.**

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.  
Газет тілшісі Арэн Ж.С.  
Газет корреспонденті Бекбаганбетов О.  
Газет маманы Жалғасбаева М.Ж.  
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.  
Фотокорреспондент Арэн Ж.С.

Меншік иесі:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис»  
баспаханасында (Ақтебе каласы, Смағұлов кешесі, 9 «К» басылады.  
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №51.  
Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:  
030000, Ақтебе каласы, Ә. Молдағұлова кешесі 34 ұй. 2-кабат, 200<sup>б</sup> белме. Келемі 2 баспа табак. Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп түскен колжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.